

**"Қапшағай – Күрті" республикалық маңызы бар автомобиль жолының 0-67 км "Астана – Қарағанды – Балқаш – Алматы" Орталық-Оңтүстік дәлізін реконструкциялау" жобасы бойынша мемлекеттік кепілдік беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 18 қарашадағы № 854 қаулысы.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 215-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Еуропа Қайта құру және Даму Банкіне "Қапшағай – Күрті" республикалық маңызы бар автомобиль жолының 0-67 км "Астана – Қарағанды – Балқаш – Алматы" Орталық-Оңтүстік дәлізін реконструкциялау" жобасы бойынша "ҚазАвтоЖол" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының тартылатын қарыз бойынша міндеттемелерін қамтамасыз ету ретінде 34479731420 (отыз төрт миллиард төрт жүз жетпіс тоғыз миллион жеті жүз отыз бір мың төрт жүз жиырма) теңгеге дейінгі сомада Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігін берсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*